«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ ЯЗЫКОВОЙ
ПОЛИТИКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

2022 жылғы 19 шілде

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 82

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы № 76, № 77 және № 78 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті төрағасының 2022 жылғы 13 маусымдағы *«Отандық және шетелдік зиялы қауым өкілдерінің, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы (Франция) штаб-пәтерінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел өткізу бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»* №76, *«ТҮРКСОЙ аясында отандық және шетелдік зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Ыстамбұл қаласында (Түркия) Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел, фотокөрме ұйымдастыру бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»* №77 және *«ЮНЕСКО және ТҮРКСОЙ аясында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық түркітанушылар конгресін өткізу (Түркістан қаласы) бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»* № 78 бұйрықтарына мынандай өзгерістер енгізілсін:

Шахабаев Талгат Кыдырбаевич	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты комитеті Тіл саясатын іске асыру және тіл заңнамасының сақталуын бақылау басқармасының бас сарапшысы, комиссия мүшесі болып өзгертілсін.

көрсетілген комиссия құрамынан Ч. Егембердиев шығарылсын.

000209

2. Конкурстық комиссия көзделген мемлекеттік сатып алуды өткізуді қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына сәйкес қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Ғ. Абзалбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға **А. Кабаев**